

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

- ұйымдасқан қылмысқа, лаңкестікке және адам саудасына, әйелдер мен балаларды жұмыспен және жыныстық қатынаспен қанауға қарсы күрес жүргізу;
- Қазақстанға туристік және өзге де көші-қон ағындарының кіріп кету, оның ішінде туристің атын жамылған экстремистердің «ыстық нүктелерге» өтіп кету мүмкіндігінің алдын алу үшін бақылауды күшейту [5].

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстанның басымдығы ұсынылатын туристік түрлерінің сипатында болып табылады. Бұлардың әрқайсысы өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бірқатар мәселелерге ие. Туризм - бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің қатаң назарындағы ұлттық – экономиканың маңызды секторы. Үшінші мыңжылдықтың басында туризм ғаламшардағы қуатты әлеуметтік – экономикалық және саяси құбылысқа айналды.

Әдебиеттер:

1. 14 желтоқсан 2012 жылы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытты атты Қазақстан халқына жолдауы
2. Кайсенова Ж., Лютерович О., Ягофаров Г. Алматы – центр туризма Казахстана. – Алматы, 2003. – 80с.
3. Ердавлетов С.Р. География туризма. – Алматы, 2000.- 356с.
4. Биржаков М.Б. Введение в туризм. – М.: Невский Фонд, 2000. – 315 с.
5. Ермаков В.А. Казахстан в современном мире. - Алматы, 2001. - 215 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЙМАҚТАРЫНДА ТУРИСТІК КЛАСТЕРЛЕРДІҢ ДАМУЫ

Барлықов Е.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail:erbolat_barlykov@mail.ru

Туризм әлемдік экономиканың жетекші және ең қарқынды салаларының бірі. Оның өсу қарқыны тез болғандықтан, ол жүзжылдықтың экономикалық феномены болып танылған. Көптеген елдерде туризм әлеуметтік – экономикалық дамуында шешуші рөлді атқарады, өйткені ол экономиканың тұрақты дамушы секторы және қызметтердің халықаралық саудасында ең жоғары табысты салалардың бірі болып табылады.

Шет мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, туристік кластерлерді дамыту туристік қызметтер нарығының тиімділігін арттыруға ықпал етеді, нәтижесінде, ұлттың әл – ауқатын көтереді.

Туризм экономикасындағы кластерді дамыту жолында жергілікті әкімшіліктің атқарушы билігінің рөлі жеке кәсіпкерлер, жобаның қатысушылары мен жалпы экономика үшін қолайлы іскерлік климатты құру болып табылады, олар өз кезегінде бұл секторда жоғары өнімділік пен тиімділікті қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Үкіметімен туристік кластерді құру туралы шешім қабылданған, ол үшін мемлекет пен жеке сектормен өлшенген және өзара қолайлы ынтымақтастық құруға негізделген туристік кластерді құрудың тұжырымдамасы әзірленді.

Кластердің ұйымдастырушылық құрылымы дегеніміз, тиісті стратегиялық бастама негізінде компаниялар, үкіметтік құрылымдар, зерттеу институттарының өзара іс - әрекеті.


Кластерлік тәсілдемені құруда оның географиялық қағидасына негізделі отырып, кластерлік тәсілдемені жүзеге асыру кезеңдерінің бірі, табиғи туристік – рекреациялық ресурстар мен тарихи – мәдени мұраның ресурстары, туроператорлар, орналастыру қоры мен коммуналдық шаруашылық, инфрақұрылым, азық – түлік базасы, ғылыми сектор мен

басқару органдарынан тұратын ішкі аудандық және аймақаралық, халықаралық кластерлерді анықтау үшін аймақтық үлгіні әзірлеу болып табылады.

Олардың арасындағы өзара байланыстарының тұжырымдамалық сызбасы 1 суретте жіті көрсетілген.

Бүгінгі күні туристік кластерді дамытудың жағымды мысалы Оңтүстік – Қазақстан облысы (ОҚО) болып табылады, оның аймағында тарих мен мәдениеттің 802 ескерткіші, археологияның 528 ескерткіші, 42 тарихи ескерткіш, 226 сәулет ескерткіштері орналасқан.

Олардың барлығында танымды құндылық, туристік тартымдылық пен экзотикалық сипат бар, ал олардың бірқатарында, ЮНЕСКО ұйымының бағалауынша, әлемдік құндылық бар. Қожа Ахмет Ясауи Кесенесі, ежелгі Испиджабтың Сайрам кешені, Ұлы Жібек жолының археологиялық және сәулет кешендері мен ежелгі коммуникациялар орта ғасырдың көшпелі және отырықшы – егіншілік мәдениетінің сәулет – кеңістік және этномәдени ортасын қайта дамытуға мүмкіндік береді. Қолөнерді жандандыру, қажылықтың салттық - әдет ғұрып орталықтарын құру, ашық аспанның астында театрландырылған мұражайларды құру және осының негізінде экскурсиялық – танымдық және ғылыми – зерттеушілік, әсіресе археологиялық туризмді дамыту.



1. туроператорлар;
2. табиғи туристік – рекреациялық ресурстар және тарихи – мәдени мұраның ресурстары
3. туристер мен рекреанттар;
4. орналастыру қорлары;
5. коммуналдық шаруашылық;
6. кадрлар;
7. азық – түлік базасы;
8. инженерлік – техникалық ғимараттар;
9. ғылыми – зерттеу бөлімшелері мен басқару органдары.

Сурет 1 - Туристік кластерді құрудың негізгі құрамдас бөліктерінің өзара байланыстарының тұжырымдамалық сызбасы

ОҚО – да туристік кластердің тиімді қызмет етуі үшін, оны жүзеге асыруда келесідей тәжірибелік міндеттерді шешу қажет:

- ішкі аудандық және аймақаралық, халықаралық (Қырғызстан, Өзбекстанмен) кластерлерді анықтау үшін аймақты аудандарға бөлудің картографиялық үлгісін әзірлеу;

- туризмнің экологиялық, сауықтыру – спорттық, емдеу – сауықтыру сияқты түрлерінің дамуын болжау үшін, туристер үшін аттрактивтің табиғи аймақтары мен объектілердің кадастрын құру;

- халықтың 35%-ы балалар құрайтындығын ескере отырып, туризмнің балаларға арналған сауықтыру демалысын, оқыту – білім беру, емдеу – ағартушылық түрлерін дамыту үшін тиісті аймақтарды бөлу;

- туристік кластерді дамыту үшін ішкі туризмнің дамуын ынталандыратын және келушілер туризмнің бастамасын жүзеге асыруға бейімді аймақтарды бөлу;

- қысқамерзімді демалыс пен туристердің табиғи қажеттіліктерін іске асыру үшін, транзиттік пункттер – кемпингтердің құрылысын қарастыру.

Біздің пікірімізше, Оңтүстік – Қазақстан облысында белсенді өсудің басты полюсі Түркістан мен Кентау қалалары болады, Шымкент агломерациясының аясында ең болашақты жобалар ішінде Сайрам, Түлкібас, Арыс, Ленгер қалалары болып табылады. Жоғарыда аталған қалаларда өспелі экономикалық маңыздылығы мен инвестициялық тартымдылығы, ондағы халық пен оған ықпал ету аймақтарындағы ауылдық пункттердегі

халық санының өсуі, бұл қалалардың болашағы бар екендігін растайды. Алматы – Астана трассасының маңыздылығы артатындығы белгілі, онда шағын елді мекендер – осы бағыттағы туристік қызмет көрсетудің жергілікті пункттері құрылады.

Мұның барлығы, аймақтың оңтүстік бөлігі болашақта туристік объектілерімен толтыратындығын білдіреді, онда Алматы – Тараз – Шымкент жол шеңбері өсудің қарқынды коридорына айналады. Оңтүстік аймақтың геосаяси жағдайына негізделі отырып, Қазақстанның шекарасында сыртқы көлік шығу жолдары, ең алдымен, көлік – техникалық және кеден кешендерін бөлу беталысының негізінде туристік кәсіпкерлік қызметті дамыту тірегінің жаңа элементтерін құру орынды болып саналады. Сыртқы көлік – сауда шығу жолдарын құруда оны еркін экономикалық аймақтардың құруымен үйлестіру қажет (Достық, Хоргос, Жібек жолы, Ақжол). Ұлы жібек жолының оңтүстік бөлігінде Маңғыстау облысы мен Түркістан аймақтарын қамтитын Қазақстандағы қажылық туризмнің дамуы байқалып отыр. Маңғыстау облысында контрастпен сипатталатын ерекше ландшафт, табиғи алуан түрлілік орын алады, ол арқылы Ұлы Жібек жолы өтеді.

Бұл облыстың туристік ресурстары бір – бірінен алшақ орналасқан және инфрақұрылымы тиісті деңгейде дамымаған (көлік, жол бетіндегі және т.б.), бұл оларды сақтау мен тиімді қолдануда белгілі қиындықтарды тудырады. Қажылық туризмнің барлық ресурстары ауыл аймақтарында орналасқан және Шетпе ауылының аудандық орталығымен қатар, Маңғыстау облысында тығыз орналасуы байқалады, бұл аймақта қонақ үй кешендерінің құрылысын қажет етеді. Маңғыстау облысында қажылық туризмнің объектілеріне келесілер жатады:

- Шопан – ата киелі жері, ол аңыз бойынша Бекет – атаның рухани ұстазы болып табылады, Некрополь Хорзмге баратын жолда Маңғыстау аймағындағы ежелгі керуен жолында орналасқан, және Маңғыстаудағы ең кең және ежелгі жері болып табылады;

- Ақтау – Бекет – ата – жер астындағы мешіт, Бекет – атаның сүйектері жерленген табыты орналасқан, тас сілемінде ойылған көп камералы жер астындағы ғимарат;

- Ақтау – Шақпақ – ата – 14 ғасырдың дәстүрлі сопылық ескерткіші болып табылатын, Ұңғазы тауындағы жартаспен ойылған жер астындағы ғибадатхана; Ақтау – Сұлтан - Әке – сопылық қауымның аскет – тақуаларға арналған діни кешені. Жібек жолының Қазақстандық аймағындағы қалалар жүйесінде Түркістан, Тараз, Алматы қалалары ерекше орын алады. Түркістан Қазақ хандығының бірінші астанасы болып табылады. Қазақстанның оңтүстігіндегі ежелгі және тарихи жоспарда маңыздылығы төмен (Отырар, Сауран, Исфиджаб және т.б.) басқа қалаларымен салыстырғанда, оның өзінің беделі бар. Ең алдымен, мұнда ортағасырлық Қазақстанның рухани және әкімшілік орталығы құрылған, XI – XII ғғ. «Зиарат» жолындағы қала мен қорымның арасында сопылықтардың Яссабиттер орденінің шіркеуі пайда болған; XIV ғ. Әмір Темір Ахмет Яссауи шайқы бейтінің үстінен үлкен ханака салады; XV – XVII ғғ. мұнда қазақ хандарының кремль – ставкасы орнатылады, қорым аймағында қазақ хандығын негізін салушылары - Тәуке, Тәуекел, Жәңгір, Есім, Абылай хандарының кесенелері тұрғызылады.

Мұның барлығы шағын қоныс үшін Қазақ мемлекетінің астаналық орталығына айналуына мүмкіндік берді. Қаланың ортағасырлық орталығын сақтау, монументтік ескерткіштердің бар болуы, сәулет – кеңістік және этномәдени ортаның сәтті қайта даму мүмкіндігі мен онда инфрақұрылымның объектілерін орналастыру мүмкіндігі, Түркістан қаласына республикадағы туристік және қажылықтың ең ірі орталығына айналуына мүмкіндік береді. Ұлы жібек жолының қазақстандық аймағын қайта дамыту үшін «Туризм объектілерін зерттеу мен орналастырудың кешенді сызбасының» тұжырымдамасы әзірленді, Жібек жолында туристік бизнесті дамыту мүмкіндіктеріне кешенді зерттеулерді жүргізу жобасы дайындалды, оның құны 1 млн. 200 мың долларды құрайды. ҰЖЖ (ұлы жібек жолы) Қазақстанның туристік кластерлерін зерттеуде, біз келесідей зерттеу әдістерін қолдандық: сарапшылық бағалау әдісі; экономиканың балансын зерттеуге негізделген «шығындар – шығарылым» кестелерін талдау әдісі; SWOT – талдау, желі құрылымын дамытуға ықпал ететін факторлардың күшті жақтары, желі құрылымын дамуына кедергі келтіретін

факторлардың әлсіз жақтары; желі құрылымын дамыту үшін мүмкіндіктер мен қауіп – қатерлер (ішкі және сыртқы факторлар).


Жүргізілген SWOT – талдау нәтижелері бойынша белгілі нәтижелер анықталды, олар 2 суретте баяндалған.



Сурет 2 – ҰЖЖ желілік құрылымын дамытудағы күшті және әлсіз жақтары


Ұлы жібек жолын қайта дамыту туристік қызметтер нарығындағы негізгі субъектілерді біріктіретін жедел және қауіпсіз жолы болып табылады және ол арқылы өткен елдердің әл – ауқатының өзгеруіне ықпал етеді. Оңтүстік аймақта, туристік кластерді дамыту шараларының жоспарын жүзеге асыру барысында, Содби бизнес – инкубаторы құрылды, оның негізгі бағыты шағын бизнеске қолдау көрсету мен дамуына қолдау жасау, жаңа фирмалардың белсенділігін арттыру, сонымен қатар бұл салада инновацияның дамуын ынталандыру [2].

Түркістан аймағында туристік кластерді енгізу жобасы әзірленіп, ұсынылған (3 сурет). Оны жүзеге асыру үшін Оңтүстік – Қазақстан облысының әкімдігімен «2007-2015» жылдарға арналған «Түркістанды рухани, мәдени және туристік орталығы ретінде дамытудың» Мемлекеттік бағдарламасы қабылданған, оның негізгі міндеттері келесідей:



Сурет 3 – Түркістан аймағында туристік кластердің ұйымдастырушылық құрылымы

- Түркістандық туристік жол шеңберіндегі тарихи – мәдени мұрасының кешенін дамыту негізінде қаланың және оның шет аймақтарының экономикасының мақсатты құрылымын құру;
- дамыған әлемдік мәдени және туристік орталықтардың деңгейіне жақын инженерлік – туристік инфрақұрылымды құру;
- туристерге қызмет көрсету сапасын әлемдік стандарттардың деңгейінде арттыру және оның нәтижесінде республиканың экономикасына шет елдік валюта ағынын ұлғайту;
- туристік кластерді құру мен әлемдік ынтымақтастықты дамыту негізінде туристік қызметтер нарығын кеңейту;
- тиісті қажеттіліктерді қамтамасыз ететін туристік қызметтің түрлері мен салалардың кешенін кеңейту есебінен жаңа жұмыс орындарын құру мен кедейліктің деңгейін төмендету және ауылдық жұмыссыздық деңгейін төмендету.



Сурет 4 - Алматы облысының туристік кластерінің құрылымы

Туристік бизнесті дамыту мен халықаралық сапа стандарттарына көшу үшін несие ресурстарына қол жетімділігі бойынша шаралар мен ұсыныстардың кешенімен Алматы облысының туристік кластері әзірленген (4 сурет) [2].

Республиканың экономикалық басымдылықтарының бірі әлемдік деңгейдегі күшті, бәсекеабілетті туристік кластерді құру болып табылады. Осыған байланысты, Маңғыстау облысында іскерлік орталығы, жағажай мен теңіз құрылыстары мен барлық қажетті қосалқы құрылымдары бар «Кендерлі» туристік демалыс аймағының ерекше жобасы әзірленді [2].

Жағадағы аймақта сыйымдылығы төртжүз – бесжүз орыннан тұратын бес жұлдызды және төрт жұлдызды отельдер мен әр түрлі санаттағы қонақ үйлер орналастырылады. Ауылдық аймақты дамыту мәселесін шешетін тұрғын аймақтың құрылысы қарастырылған. Туристік кластердің бұл жобасын енгізу барысында алпыс мың жұмыс орындары құрылады. Оны сәтті жүзеге асыру үшін 3 млрд. долл. салынған, олардың 0,6 млрд. долл. мемлекеттік инвестициялар болса, 2,4 млрд. долл. жеке инвестициялар болып табылады.

Осылайша, зерттеулер көрсеткендей, Қазақстанда кластерлік бастамасын нақты жүзеге асыру бойынша белгілі жұмыстар жүргізілген. Туристік бизнесті дамыту үшін стратегиялық маңызды аймақтар, құрылыс үшін әлемдік стандарттарға сәйкес келетін инфрақұрылым объектілері анықталды, бұл ауылдық аймақты дамытуға тікелей ықпал етеді. Туристік қызметтердің халықаралық нарығында бәсекеабілетті ретінде танылған аймақтарда туризмді, АӨК (агроөнеркәсіптік кешен) дамыту, ауылдық аймақтарды дамытудың аймақтық бағдарламалары қабылданды. Сонымен бірге, аймақтарды әлеуметтік – экономикалық дамытудың жоспарлары қабылданды, оны Ақмола облысының Щучинск ауданының мысалынан көруге болады, онда туристік кәсіпкерлік қызметтің дамуы, экономиканы дамытудағы негізгі бағыттарының стратегиялық мақсаты және міндеттерімен анықталған.

Әдебиеттер:

1. Концепции развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2020 года от 19 мая 2014 года № 508
2. Определены 5 кластеров развития туризма в Казахстане. [http:// Официальный сайт www.nomad.su/?a=4-201406090026](http://www.nomad.su/?a=4-201406090026)
3. Камшыбеков Т.К. Туризм в Казахстане: проблемы, пути решения, перспективы развития // Т.К. Камшыбеков. – Б.: БГИЭК, 2012.- 366с.

САТЫП АЛУ ШЕШІМІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ ФАКТОРЛАРЫ

Дулатбекова Ж.А., Есенбаева А.Е., Шаймова А.Н.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: D_jann@mail.ru, ainurdauren@mail.ru, shaimova87@mail.ru

Қазақстанның нарықтық экономикаға өтуіне байланысты адамдардың әлеуметтік жағдайларында тауарлар мен қызметтерді таңдау жағынан психологиялық және жеке тұлғалық өзгерістер пайда болады. Қоғам табыс деңгейіне қарай жіктеле бастады, қазақстандықтардың өмір сүру жағдайы мен стилі өзгерді. Егемендік тек қазақ халқының ғана емес, сондай-ақ Қазақстанда тұратын басқа да ұлт өкілдерінің ұлттық санасын көтереді, адамдардың дінге, тарихқа және мәдениетке көңіл қоюы өзгерді. Қазақстанның Еуропа мен Азияның тоғысында орналасуы оның территориясында тұратын 130-дан астам ұлт өкілдерінің өмір сүру қалпына және тауарлар мен қызметтерді сатып алу барысына әсер етеді. Маркетологтар осы жағдайларды өздерінің маркетингтік бағдарламаларын жасау